

# ТЕОРИЯ И ИСТОРИЯ ГОСУДАРСТВА И ПРАВА

*С.С. Сартаев, С.Ф. Ударцев*

## Ш. УӘЛИХАНОВ – ШЫҒЫСТАНУШЫ-ҒАЛЫМ, ОЙШЫЛ, ДЕМОКРАТ

Қазақ халқының даңқты перзенті Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов (1835 - 1865жж.) небары отыз жылдан асар-аспас өмір сүрсе де, ағартушы-демократ, саяхатшы, жағрафияшы, этнограф, Орта Азия, Қазақстан және Батыс Қытай халықтарының тарихы мен мәдениетін зерттеуші, суретші, ойшыл, қоғам қайраткері ретінде ғылым мен мәдениетте өшпес із қалдырды. Ол байырғы сұлтандар тегіне жататын отбасында дүниеге келді. Оның атасы Уәли орта жүздің соңғы ханы болған шағында ұлы атасы Абылай секілді Ресеймен экономикалық және саяси қатынастарды белсенді түрде жалғастырды. Уәлихановтың әкесі-полковник өз білімін орыс әскери училищесінде алып, «сібір патриоттарының» революциялық-демократиялық үйірмесіне қатысқаны үшін тергеу комиссиясының көзіне ілікті: оған «Сұлтан Шыңғыс Уәлихановтың үкіметке қарсы айтылған ой-пікірлері» [1] деп аталған іс те қозғалған болатын.

Ш.Ш. Уәлиханов жекеменшік қазақ мектебінде, содан кейін Омбы кадет корпусында оқыды. Оның дарыны мен көзқарасының қалыптасуына кадет корпусының оқытушылары-В.Г. Белинскийді аса қастылеуші шығыстанушы және әдебиетші Н.Ф. Костылецкийдің, кейін еркін ойшылдықты насихаттағаны үшін жұмысынан босатылған, өз лекцияларында революциялық-демократиялық қозғалыстың «тиым салынған тарихына» бой ұрған П.В. Гонсевскийдің, Н.Г. Чернышевскийдің досы әрі ізбасары - орыс тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы В.П. Лободовскийдің дәрістері күшті әсерін тигізді. Уәлихановтың саяси көзқарасына айдауғы петыршевскийшілдер С.Ф. Дуров пен жазушы Ф.М. Достоевскиймен достығы ықпалы етті.

Кадет корпусын тамамдағаннан соң Уәлиханов Батыс Сібір генерал-губернаторы Г.Х. Гасфордтың адъютанты қызметін атқарды, осы қызметіне байланысты ол айдаудағы революционерлердің ісімен айналысып, олардың бірқатарымен кездесіп те жүрді. 1857 жыл тағдыр оны М.А. Бакунинмен тоғыстырды. Уәлихановтың ең жақын досы, кейін Томскіде Бакунинмен танысқан Г.Н. Потанин былай деп еске алады: «Бакунинмен алғаш рет Омбыда, оны Шлиссельбургтен Томскіге апара жатқанында кезіктім. Гасфордың оны көргісі келіп, Бакунинді түрмеден генерал-губернатордың үйіне алып келді. Өлке бастығының пәтеріндегі кезекші менің досым Шоқан болатын, ол жақын арадағы бір күндері маған келіп, осы оқиғаны баяндап берді» [2].

Генерал-губернатордың қасында қызмет етуі Уәлихановқа әртүрлі сапарларға шығып тұруға мүмкіндік берді. Осындай сапарларының бірінде ол Қырғыз елінде болып, тұңғыш рет әйгілі қырғыз эпосы «Манастан» үзінді жазып алды. П.П. Семенов-Тянь-Шанскийдің септігімен ол Шығыс Түркістанға құпия тапсырмамен жіберіледі. Оның осы сапардың нәтижесінде жинаған мәліметтері Ресей мен Англияның Орта Азиядағы бәсекелестігі туралы таптырмас ғылыми және саяси маңызы болды. Уәлихановтың зерттеулері ғылыми әлемде жоғары бағасын алды. Жас ғалымның кейбір еңбектері көзінің тірісінде аударылып, Германия мен Англияда басылып шықты.

Пушкин үйінің Қолжазбалар бөлімінде шығыстанушы Н.И. Ильминскийдің 1863 жылы Рериг Оттоға жазған хаты сақтаулы. Онда Ильминский өзінің шетелдік тілшісіне «шетелдерде біздің әдебиетіміз белгісіз болғандықтан, бізде көптеген материалдардың шын мәнінде бар екендігін кейде әлемнің өзі де біле бермейді» және Батыста дау-дамай тудырып отырған кейбір мәселелер Ресейдің өзінде шешімін тауып жатыр» - деп хабарлайды. Бұдан әрі ол Ш.Ш. Уәлихановтың еңбектеріне назар аударуды ұсынады: «Өте қызық ғалым туралы айта кетейін... Ол Қашғарға ғылыми сапар жасаған. Оның тамаша мақалалары Батыс Жағрапиялық Қоғамы Жазбалары жинағында басылып жүр. Ол - осы Қоғамның мүшесі. Оның есімі - Шоқан Уәлиханов» [3].

Француз ғалымы және революционері Элизе Реклюдің он тоғыз томдық Бүкілқоғамдық жағрапиясында Уәлиханов Тянь-Шань мен Шығыс Түркістанды алғаш ашушылардың қатарында аталады.

Уәлихановтың өмірбаянының кейбір беттері әлі де болса тереңірек зерттеуді талап етеді. Әсіресе Уәлихановтың Петербургтегі өмір кезеңдері (1859 жылдың аяғы мен 1861 жылдың көктемі), атап айтқанда, оның 1861 жылы Н.Г. Чернышевскиймен кездесу сәттері. Осы кездесуден алған әсерін, Уәлиханов былай деп әсірелейді: «Осы Чернышевский қандай тамаша адам және орыс халқының ғана емес, басқа да халықтардың өмірін жақсы біледі! Онымен болған әңгіменің нәтижесінде менің біздің Ресейсіз, орыстарсыз - демек оқуағартуыз, деспотия мен қараңғылықта, орыстарсыз біз тек Азиямыз, одан басқа ешкім бола алмаймыз деген пікірім күшейе түскен секілді болды. Чернышевский - біздің досымыз» [4].

Уәлихановтың Ресейдің басқа да ұлт-азаттық қозғалысы қайраткерлерімен арақатынасы мен байланысы толық анықталып біткен жоқ. Мәселен, Уәлихановтың Н.В. Соколовпен - Шығыс Сібір әскерлері бас штабының аға адъютанты, белгілі бір мөлшерде Бакуниннің көзқарасын жақтаушысымен таныстығы осы күнге дейін белгісіз болып келді. Бұл туралы Уәлихановтың әкесінің Соколовтың сәлемін жолдаған 1860 жылдың 6 маусымында ұлына жазған хатынан ғана білетін секілдіміз [5]. 1860 жылдың жазы-күзінде Н.В. Соколов шетелге сапар жасап, бірнеше рет Лондонда А.И. Герценмен кездеседі. Прудонға жазған хатында Герцен Соколовты «өте қызық тұлға», Прудон шығармаларының «үлкен құрметтеушісі» ретінде бағалайды [6]. 1860 жылдың қыркүйегінде Брюссельде Соколов «күн сайын» дерлік Прудонның үйінде болған. Петербургке ол «Кронштад теңізшілерінің көмегімен жеткізілген көптеген тиым салынған кітаптар қорымен» [7] қайтып оралады. Петербургте тұрғанына біраз уақыт өткеннен соң Уәлихановқа Парижге барып қайтсам ба екен деген ой келгені, бұл туралы ол 1860 жылдың 4 қарашасында ата-анасына жазған хатында хабарлағаны белгілі.

А.Е. Врангель – Ф.М. Достоевскийдің танысы, кейіннен Уәлихановты Ресейде ғана емес (Семей мен Петербургте), Парижде де кездестіргенін еске алады. Уәлихановтың шетелге сапары дерегін жоққа шығару, оның Лондонда Герценде болғаны туралы мәліметтердің жеткіліксіздігінде жатыр. «Лондон сапарында Уәлиханов Герценмен кездеспеді» [8] - деп үзілді-кесілді айту тым жаңсақ пікір. Конспиративтік (жасырын) мақсатта Герценнің барлық кездесулерін қағазға түртіп отырмаған және өзіне келгендерді ешкіммен таныстырмаған. Айталық, М. Кун венгер эмигранты Дюл Танаркидің күнделігінен 1860 жылдың 16 желтоқсанындағы жазбаны тауып алған: онда Ресейден келген адамдарды Герценнің үйінде кездестіргені, бірақ қожайыны Танаракимен таныстырғысы келмегені туралы жазылған. (Өз күнделігінде Танараки әңгімелескен адамдарының есімін жадында сақтап қалуға тырысқан, ал бұдан ештеңе шықпай жатса қатты өкінген) [9]. Герценге басқа де келушілердің есімдері бізге белгісіз болып қала берді [10]. Сондықтан да Уәлихановтың шетелге сапары рас болса, оның Герценмен кездесуі де әбден мүмкін.

Уәлихановтың қоғамдық-саяси көзқарасы Ресейдегі реформа қарсаңындағы нақтылы экономикалық, әлеуметтік, саяси-құқықтық және идеологиялық жағдаяттармен анықталғаны да ақиқат. Оның дамуының қарама-қайшылығы мен проблемалары Уәлихановты қазақ халқының өз тарихи тағдырын Ресеймен тоғыстырған өкілі ретінде терең толғандырды. Өз ғұмырының соңғы сәтіне дейінгі Уәлихановтың ұстанымы алдыңғы қатарлы революциялық-демократиялық идеологиямен қаншама жымдасса да, ол өз халқының ұлы болып қала тұрып, өзінің ағартушы, патша үкіметі алдында қорғаушы ретінде қалуын әлдеқайда пайдалы деп ұғынды. Осының өзі Уәлихановтың дүниетанымында революциялық демократизм мен демократияшыл ағартушылық элементтерінің сабақтас келуін айшықтады. Алайда Уәлихановтың өмірі мен қызметін зерттеушілердің бірқатары оның дүниетанымын тек бір қырынан-ақ қарастырып келді: немесе революциялық демократизм бе әлде ағартушылық па дегенге ғана жүгінді. Уәлихановтың қоғамдық-саяси ұстанымын басқалардан дәлірек анықтаған С.З. Зиманов пен А.А. Атишев болды. Уәлихановтың Қазақстанмен байланысы Ресеймен байланысынан кем болмағанын атай келіп, олар төмендегідей қорытынды жасайды: «Шоқан Уәлиханов екі жағынан бірдей қарастырылуы керек – Ресей қоғамдық ойының өкілі ретінде де, Қазақстандық қоғамдық ой өкілі ретінде де» [11].

Ш.Ш. Уәлиханов Ресей мен Қазақстанның тарихи тағдырының үзілместігін мойындаған адам. «Шоқанның жүрегінде, - деп жазды Г.Н. Потанин, - өз халқына сүйіспеншілікпен қатар орыс патриотизміне сүйіспеншілік бір-біріне қосылып жатты» [12]. Алайда ол Ресей шындығын идеал деп тұтпады. А.П. Пыпиннің айтуына қарағанда, Уәлиханов «орыстың батысшылығы болды: ол Ресейді шын жүрегімен сүйді, оның кемшіліктерін көре отырып, таңдаулы адамдарымен бірге елдің жаңғыруын қызу тіледі» [12].

«Әрқилы жөнсіздікке жұрттың көз алдында...» жол берген билік басындағылардың тағылық қысымы мен шамадан тыс еркінсуі Уәлихановтың осыларға наразылық сезімін тудырды. 1860 жылдың 1 маусымында Лондонның «Колоколы» (72 нөмір) «Сібірдің сипаттамасы хақында» атты мақала басты. Онда шенеуніктердің паракорлығы, үкімет қазынасына қол сұғуы туралы айтыла келіп, көрсеқызар, қызғаншақ, ақылы онша емес кісі және мансапқор генерал-губернатор Гасфордың шынайы бет-жүзі ашылады [13]. Бұл мақаланың Уәлиханов пен Потаниннің қатысуымен жазылғаны көрініп-ақ тұр. 1862 жылдың 1 мамырында «Колокол» (131 нөмір) «Сібірден» атты мақала жариялады. Онда, атап айтқанда, Қазақстандағы билік басындағылардың қызмет жағдайын өз пайдаларына пайдалануы туралы егжей-тегжейлі жазыла келіп, Уәлихановтың бұдан бұрын жарияланған мақаласына сілтеме жасалады: «Ш. Уәлиханов өзінің Батыс Жағрапиялық Қоғамы жазбаларында жарияланған мақаласында кейбір тұлғалардың атын атап олардың бет-бейнесін өте күлкілі де нақтылы көрсете білген...» [15].

Тарихи даму барысына жалпы алғанда сол идеалистік көзқараста қалған Уәлиханов, дей тұрсақ та, «жеке адам», «ұжым болып» материалдық игілікке талаптануы олардың «түпкі мақсаты» деп санады, адамзаттың прогрессивті дамуының критерийін халықтың хал-ахуалын әрі қарай жақсартудан көрді [16]. Саяси реформаны ол экономикалық реформаны жүргізудің құралы деп ұғынды. Халықтың прогрессивті дамуының аса маңызды бөлігі бостандық пен оқу-ағарту деп түсінді.

Ғалым халық үшін христиандық та, мұсылмандық та бір деңгейде зиянды дей келіп, муфтиден (Ресейдегі ең жоғары мұсылмандық діни тұлға) [17] бастап мұсылман діни басыларының паракорлығы мен екіжүзділігі, қазақ халқының имандылықтан жаңыла бастағаны туралы ашына жазды.

Уәлиханов табиғи әлеуметтік ұйым өз бастауынан-ақ тарихи өрлеудің ең жоғары формасымен, қоғамдық өмірдің болашақ формаларымен ұқсас болып келеді деген идеяны уағыздады. Қазақтардың ауылдық-қауымдастық құрылымын және енді ғана қалыптасып келе жатқан халықтық өкілдік қауымдастықтың болашаққа маңызы туралы пайымдауларын революциялық-демократиялық рухта бағалай келіп, орысша нұсқасында былай деп жазды: «Наконец, что всего важнее, формы нашего общественного развития находятся в том самом безыскусственном периоде, когда они представляют наибольшую аналогию с результатами высшего, культурного развития. На этом факте основаны все наши надежды на будущее» [18]. Уәлихановтың өмірдің қауымдық формасының болашағы туралы көзқарасы Н.Г. Чернышевскийдің тарихқа Гегельдің дамудың төменгі және жоғарғы деңгейдегі формаларын телуге болады деген идеясын қолдаған пікірімен сай келеді. Чернышевский мен Герценнің жекелеген халықтардың капиталистік емес жолмен дамуы мүмкін деген идеясымен де байланысты [19]. Жалпы алғанда Уәлиханов өз идеялық ұстаздары Чернышевский мен Герцен секілді, қоғамдастық құрылымды жақтады, бірақ орыс және қазақ қоғамдастықтарына буржуазиялық қатынастардың еніп кетуі мүмкіндігіне мән беріп, бағалай алмады. Солай бола тұрса да, ол кейбір халықтардың белгілі бір жағдайда капитализмді аттап социализмге өту ықтималдығын жорамалдай білді. Уәлихановтың осы позициясынан халықшылдық идеясымен, даму үстіндегі елдердің өркендеудің төменгі сатысынан жоғарғы сатысына, яғни капиталистік емес даму жолына өту мүмкіндігі жөніндегі революциялық-демократиялық бағыттағы саяси ойларымен үндестікті байқау онша қиынға соқпайды [20].

Уәлиханов орыс революцияшыл демократтарының социалистік идеясына еліктеді. «Социализм» терминін қолданбаса да, оның көзқарасы «утопиялық социализм идеясымен жанасып жатты» [21]. В.И. Ленин атап көрсеткендей, Чернышевскийдің дәуірінде «демократизм мен социализм» әлі де «бір-бірінен ажырамас бір бүтін болатын» [22].

«Дамудың қандай да деңгейінде тұрмасын, халықтың қалыпты өсуіне қажетті жағдайлар: өздігінен өркендеу, өзін өзі қорғау, өзін өзі басқару және дара сот жүргізу» - деп есептеді Уәлиханов. Бұл пікір А.П. Щаповтың, Н.Г. Чернышевскийдің және А.И. Герценнің идеяларына жақын. Уәлиханов халық өз тұрмыс-тіршілігінің шешуші сәтін бақылауға алуы тиіс, жинақтаған тәжірибесі, күші және мүмкіндіктеріне сүйеніп, өзінің өркен жаюына қамқоршы болуы керек, өйткені нені қажетсінетінін одан артық ешкім білмейді. «Өздігінен даму» дегенді бұқара халықтың белсенділігін арттыру, халықтың творчестволық қуатына иек арту деп ұғыну қажет. «Өзін өзі қорғау» принципін ойшыл тек әскери мәнде емес, саяси және мәдени қатынастар ретінде ұғынған болар деп ойлаймыз. Халық қоғамдық өмірдің өзін өзі басқару және сот істерін жүргізу секілді аса маңызды қызметтерін жүзеге асыруы тиіс. Осылайша болған жағдайдың өзінде әділ сот жүргізудің қалыптасқан халықтық формасы оның орнына келе жатқан мемлекеттік сот билігіне қарағанда халыққа айтарлықтай жақынырақ. Халықтың өз тұрмыс-тіршілігін өзі орнату идеясын Уәлиханов сол кезде А.И. Герцен, Н.Г. Чернышевский, А.П. Щапов, Н.И. Костомаров, М.А.

Бакунин, Т.Г. Шевченко және басқалары насихаттаған автономия және федерализм формасындағы идеялармен байланысты қарастырды.

Уәлиханов қазақ қоғамындағы кедейлер мен байлар мүдделерінің қайшылығын көре отырып, еңбекші халықты байлардың қысымынан қорғады. Оның халыққа басы ашық белсенді көмек көрсету мақсатын Атбасар округі бойынша өткен сұлтан-төре сайлауына өзінің кандидатурасын ұсынуы айғақтай түседі. Сәтсіз аяқталған осы сайлаудың тарихы оның ел басына парасатты адам келер деген утопиялық арман-сеніміне жарықшақ салды. Бұл туралы Уәлиханов Ф.М. Достоевскийге: «Менің сұлтан болғым келгендегі ойым өз отандастарыма қызмет ету еді, оларды шенеуніктер мен бай қырғыздардың деспотизмінен қорғау еді. Егерде ел басына білімді, парасатты сұлтан келсе, халыққа пайдасын тигізе алатын үлгісін көрсетермін деп ойлады» [23] - деп жазады. Деспотизмге қарсы тұра отырып, ол «Сведения об обстоятельствах, способствовавших смерти Адольфа Шлагинтвейта» (1961) атты хабарламасында «соқыр деспотизмнің ойран салуын» «қоғамды имандылықтан арылтумен» салыстырды.

Ш.Ш. Уәлихановтың қоғамдық-саяси көзқарастарын зерттеуші С.Я. Булатов патшалық Ресейдегі тәртіпті революциялық-демократиялық дәстүр бойынша сынау Қытайдағы тәртіпті сынау формасында жүргізілгендігіне назар аударады. Бұл дәстүр өз бастауын орыс революцияшыл демократтарына белгілі Ш. Монтескениң Персиядағы деспоттық тәртіпті мензей отырып, француздың монархиялық деспотизмін сынаған «Персия хаттарынан» алады [25]. Цензуралық тиым салдарынан мұндай астарлы әсірелеу тәсілін В.Г. Белинский де, М.А. Бакунин де қолданған болатын. Сібір айдауында жүргенде ол Иркутскінің «Амур» газетінде «Ю. Елизаров» деген жамылғы атпен «Қытайдағы» сыбайлас жемқорлық және халықты талан-таражға салу туралы мақалалар жариялап тұрды [26]. Ресейдегі цензура бақылауындағы баспасөз, әрине, Уәлихановқа да мәлім болатын, сондықтан ол да аракідік жоғарыдағы тәсілді қолданған ды. Осы орайда оның «О состоянии Алтышахара или шести восточных городов китайской провинции Нан-Лу (Малой Бухарии) в 1858-1859 гг.» атты еңбегі назар аудартап қалмайды. Мұнда осы өлкенің үкіметтік жүйесі мен саяси ахуалын алға тартқан сыни очерк орын алған. Ойшыл ғалымның осы еңбегінен шығарған бірқатар қорытындысынан оның қоғамдық-саяси көзқарасын байқауға болады. Мәселен, Уәлиханов қытайлық және жергілікті шенеуніктердің халықты өгейсінетіні, қытайлықтардың жергілікті адамдарды шенеуніктерге айналдырып, «халықтан алшақ мүлде өзгеше тап құруға» талпынысына ерекше назар аударады. «Қытайлықтар тек қысым жасаушыларға сенім артады, - деп жазды Уәлиханов, - демек, олардың халыққа ешбір сорпасы қосылмайды. Оларды үрейлендіретін шенеуніктер өз мүдделерін халық мүддесімен жанастырып жібермес пе екен, бұлай бола қалса - бұл үлкен қауіп төндіретін еді». Кейде Уәлиханов патшалық Ресей мен Қытайдағы тәртіпті ашықтан-ашық мысалға келтіріп отырды. Айталық, «Сот реформасы туралы жазбаларында» (1864 ж.) билер сотын реформалаудың кемшіліктерін және бітістіруші (мировой) судьяның тым формальдығын атай келіп, ол Қытаймен байланысты әсірелеуді теориялық тұжырымдарын бейнелеп көрсету үшін ұтымды пайдаланады. Қазақша нұсқасы қолда болмағандықтан, оны астарлы мазмұнына нұсқа келтірмеу үшін орысша нұсқасын ұсынғанды жөн көрдік: «В наше время на регламентацию и формализм следует смотреть не иначе, как на анахронизм, или как на 10 тысяч китайских церемоний. Формализм и бюрократическая рутинка обуславливали собой один только застой (и неподвижность) и служили до сих пор китайской стеной для всякой полезной общественно-политической деятельности...» [26].

«Жазбаларда» сот реформасы туралы айтылған жалпы қағидат реформаны революциялық-демократиялық тұрғыдан сынаумен үндесіп жатыр. Көптеген озат ойлы замандастары секілді, Н.П. Огаревтің ескертпесі бойынша, іске асырылмақ сот реформасы «шаруаларды азат ету сияқты түпкілікті төңкеріс, мемлекеттің ішкі өмірін түбегейлі өзгертудің бастамасы болмақ» [27] - деп есептеген. Уәлиханов бұл реформадан Қазақстанның бұрынғы әкімшілік бөлінуіне өзгерістер енеді, «орыс үкіметі мен қырғыз халқы үшін тым күрделі де ауыр салмақ салатын бюрократиялық шытырманның» орнына өзін-өзі басқару негізінде «әлдеқайда тиімді» құрылым пайда болды деп күтті. Дей тұрғанмен, реформаны әлеуметтік прогрестің құралы ретінде идеал тұтқан жоқ. Реформалар, оның топшылауына, халықтың нені қажетсінетіндігін терең білуге негізделуі керек. «От незнания общественных нужд, - деп жазды Уәлиханов, - и от излишней ревности к гуманным теориям очень часто вводятся у нас нововведения и реформы, совершенно ненужные в данный момент и при известном положении дел». Яғни, қазақшалап, орын алып отырған жағдайды ескермей жүргізілетін реформалардың ешбір қажеті жоқ. 1863 жылы қазақ халқының сот реформасы туралы пікірін зерттеген комиссияның жұмысы барысында, Уәлиханов мынадай қорытындыға келеді: бұқара халық Қазақстанда реформаға дейінгі «билер сотының байырғы халықтық формасын қалдыруды» қалаған болар еді, ал шенеуніктер, жоғары мәртебеге ие және

бай қазақтар, керісінше, «билер сотын соның негізінде» өзгертуге мүдделі. «Сот реформасы туралы жазбаларында» ғалым бұқара халықтық мүддесін дәйекті түрде қорғаштады. Қазақтың әдет-ғұрып құқығын зерттеу барысында, соған орай тиесілі сот институттарын қарастыру кезінде Уәлиханов өте құнды тарихи материалдар жинады.

Билер сотын тектік ұйымнан мұра болып қалған сот істерін жүргізудің институты ретінде жақтаған, халықтың тұрмыс-тіршілігі жағдайындағы әдет-ғұрып құқықтары деп қарастырған Уәлиханов бұл дәстүрді тым асыра пір тұтты. Алайда бұл тек консервативті идеаландыру еместі. Уәлиханов халықтың мүддесіне жауап беретін қоғамдық өмір формасын қорғаштады. Уәлихановтың халықтың тұрмыс-тіршілігі формасына ұқыпты қарауы орыс халықшылдарының осы тектес кейінгі утопиялық формасын уағыздауымен үндес еді. П.А. Кропоткиннің орта ғасырлық халықтық формалар мен қоғамдық институттардың, соның қатарында соттың, оның орнына келген мемлекеттік формадан гөрі, халықтың мүддесіне сай келетіндігі жөніндегі пайымдары да мәлім.

Билер сотын алмастыруды жорамалдаған бітістіруші судьялықты сынау мақсатында Уәлиханов британ бітістіруші сотының кемшіліктерін айқара ашқан ағылшын, француз және неміс заңгерлері В. Блекстонның, Ш. Конттың, Г.Р. Гнейстің беделін пайдаланды. Ресейдегі революцияшыл-демократияшыл ой иелері сотқа присяжный заседательдердің қатысуын прогрессивті деп таныды. Уәлиханов та осы пікірді қолдады, билер сотында осы институт элементтерінің болуын қалады.

Билер сотының артықшылығын дәлелдеу үшін Уәлиханов, сот істерін жүргізудің және билер соты мен бітістіруші сот құрылымын егжей-тегжейлі салыстырма талдау жасады. Халықтық билер сотының ең басты артықшылығын Уәлиханов оның қоғамдық өмірді қабылдау динамикасының ашықтығынан, формальдықтың бұғауында еместігінен, қоғамдық өмірдегі өзгерістерді нәзік сезінетіндіктен көрді. «Главное достоинство суда биев, - деп жазды ғалым, - ... заключается в отсутствии формальностей и всякой официальной рутины». Яғни, қазақша айтсақ, билер сотының ең маңызды қасиеті, ондағы формальдық пен әдепкі ресми топтарының жоқтығы. Формализм мен бюрократизм «халықтың жанды күші талап ететін күнделікті өзгерістер ағымына» тежеу болады.

Аталмыш «Жазбаларда» Уәлихановтың әдет-ғұрып құқына байланысты пікірі де білдірілген. Ол адамның өмірлік ортасына, оның тәрбие алу аясына заңдардың сәйкестігі тұжырымын ұстанды. Егерде заң жақсы таныс және өмірлік жағдайына жауап берсе - «мұндай заң халыққа да жақсы» болады. Қаншама дана болса да бөтен заңдардан «туған заң» артық. Уәлихановтың пайымдауынша, құқық дегеніміз халық өмірінің ортасынан түлеп шығуы керек, оны «сырттан алуға және жоғарыдан тануға» болмайды. Ғалым қазақтың әдет-ғұрып құқығын, «оның гуманды жақтарын» жоғары бағалады. Дей тұрғанмен ол әдет-ғұрып құқығын пір (идеал) тұтудан ада қалған жоқ, оның феодалдық билеп-төстеушілердің мүддесіне қызмет ететінін, олардың қажет болған жағдайда пара беріп жазадан құтылып кететінін, сот шешіміне ықпалын тигізетінін еске де алмады. Формальды түрде келгенде пара беріп жазадан құтылу қазақ қоғамындағы кедейлер мен байлар қатпарларының теңсіздігін заңдастырғандай болып шығады. Ал жалпы алғанда Уәлихановтың халық мүдделерін, қоғамдық өмірдің қалыптасқан формасын өз түсінігі бойынша қорғаштау, оның патша үкіметінің саясаты мен Сібір әкімшілігінің зорлық-зомбылығына наразылығы Ресей ұлт-азаттық қозғалысының таңдаулы өкілдерінің озат идеяларымен үндесіп жатыр.

Ш.Ш. Уәлихановтың қысқа өмірі мен қызметі 19-шы ғасырдың ғылым тарихында, мәдениеті, философия және саяси-құқықтық ойы саласында өшпес ізін қалдырды. Оның Қазақстанның ағартушы демократы ретіндегі әрқырлы шығармашылығы, Ресейдің революцияшыл-демократияшыл идеологиясына жақындығы, Қазақстанның қоғамдық-саяси ой-пікірін дамытуға, озат идеяларды насихаттауға, қазақ және орыс халықтарының достығын нығайтуға күшті ықпалын тигізді.

1. См. Галиев В.З. Ссылные революционеры в Казахстане (вторая половина XIX-века) - Алма-Ата, 1978 г.-С. 22
2. Григорий Николаевич Потанин. Воспоминания. в кн.: Литературное наследство Сибири, т. 6. -Новосибирск, 1983.- С. 87.
3. Рукописный отдел Института русской литературы АН СССР (Пушкинский дом), ф. 141, д. 60, л. 2-2 (об).
4. Чернышевская Н.М. Летопись жизни и деятельности Н.Г. Чернышевского. -М., 1953.- С. 232.
5. Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в 5-томах, т.5.- Алма-Ата, 1985.- С. 200.
6. Герцен и Запад. - В кн: Литературное наследство, т.96, М., 1985, с. 318-319.
7. Летопись жизни и творчества А.Н. Герцена. 1859 - июнь 1864. -М., 1983.-С. 139; См. Также: Кузнецов Ф. Публицисты 1860-х годов. -М., 1969. С. 253.
8. Стрелкова Н. Ч. Валиханов. М., 1983, с.208.

9. См.: Кун М. Материалы о русской революционной эмиграции в дневниках и переписке Дюлы Танараки (1854-1864 гг.). - В кн.: Эпоха Чернышевского. Революционные ситуации в России в 1859-1861 гг. -М., 1978. -С. 235.
10. См.: Летопись жизни и творчества А.И. Герцена. 1859-июнь 1864. - С. 197-198.
11. Зиманов С.З., Атишев А.А. Политические взгляды Чокана Валиханова. -Алма-Ата, 1965. -С. 21.
12. Валиханов Ч.Ч. Собр. Соч, в 5 томах, -т. 5. -С. 335.
13. Бұл да сонда, 84 б.
14. Колокол. Факсимильное издание. Вып. 3. -М., 1962. -С. 604-606.
15. Колокол. Факсимильное издание. Вып.5. -С. 1091.
16. Валиханов Ч.Ч. Собр. Соч. в 5 томах, -Т.4. -Алма-Ата, 1985. С.78.
17. Валиханов Ч.Ч. Собр. Соч. в 5-ти томах, -Т.5, с.150.
18. Валиханов Ч.Ч. Собр. Соч. в 5 томах, -Т.4. -Алма-Ата, 1985. С.81.
19. См.: Чернышевский Н.Г. Полн.собр. соч., -Т.2, М., 1949, С. 295, т.5, М., 1950, С. 364,389.
20. См., например: Хорос В.Г. Идеиные течения народнического типа в развивающихся странах -М 1980. -С 56-7129.
21. Сегизбаев О. Исследователь, мыслитель. -Алма-Ата, 1974. -С.78.
22. Ленин В.И. Полн.собр.соч., -Т. 1. -С.280
23. Валиханов Ч.Ч. Собр. Соч. в 5-ти томах, -Т.5. -С.150.
24. См.: Булатов С.Я. К вопросу о государственных и правовых воззрениях Чокана Валиханова. Вестник АН КазССР, 1956. №3 (132), -С. 56.
25. См.: Ссылки и каторги в Сибири (18-нач. 20вв.). -Новосибирск. -1975, 171
26. Валиханов Ч.Ч. Собр. Соч. в 5-ти томах. -Т.3. -Алма-Ата. 1985.- С. 178; -Т.4. -С.95.
27. Колокол. Факсимильное издание. -Вып. 5. -М., 1962. -С. 1237

\*\*\*

In this article the author writes about an outstanding representative of the national intelligentsia S. Sh.Ualikhanov.

\*\*\*

В данной статье автор пишет о выдающемся представителе национальной интеллигенции Ш.Ш. Уәлиханове.

***В.В. Нездомковский***

## **ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СУВЕРЕНИТЕТ КАК ФАКТОР НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

Несмотря на глубокие и многочисленные изменения, происходящие в мире в последние полтора десятилетия, государственный суверенитет по-прежнему является основой конституционного строя большинства государств.

Идея суверенитета прошла долгий и сложный путь развития, включающий в себя и обоснование в рамках естественно-правовых взглядов народного суверенитета (Г. Гроций, Ж.-Ж. Руссо), и доктрину всемогущества парламента (Г. Блекстон, А. Дайси), и гегелевский суверенитет-абсолют[1].

Термин *суверенитет* имеет длинную историю, которая берет начало у Аристотеля, продолжается Боденом и Гоббсом, американской и французскими революциями, и к настоящему времени он претерпел множество трансформаций. Если вначале он обозначал суверенитет правителя, то впоследствии стал служить для обозначения воли народа государства-нации, то есть народного суверенитета. Лишь с конца второй мировой войны понимание суверенитета как воли народов стало основой для политической легитимации государственного устройства. Статья 1 Хартии объединенных наций в качестве одной из главных целей ООН утверждает «уважение к принципу равных прав и самоопределению народов». Всеобщая декларация о правах человека (1948) в Статье 21 (пункт 3) подчеркивает, что воля народа, выраженная результатами голосования, ... становится основой правомочности правительства» [2].

Суверенитет, с точки зрения современной, предполагает верховенство государственной власти внутри страны, которое выражается в универсальности ее власти, распространяющейся на всех субъектов, возможности отменить всякую другую власть, за исключением власти народа, наличия аппарата принуждения, которыми другие субъекты не обладают. Такое верховенство имеет территориальные пределы, то есть государство распространяет свою власть на всю территорию страны. При этом верховенство не означает неограниченности государственной власти, так как в демократическом обществе государственная власть ограничена правом и основана на праве. Единство суверенитета заключается в том, что он не может быть разделен между различными носителями власти и принадлежит государству в целом, а не отдельным его частям или органам. Конечно же, независимость государственной власти не является абсолютной. Являясь участником глобальных процессов каждое государство испытывает воздействие норм и принципов международного права, и суверенитет современных государств самоограничивается необходимостью